



24 қараша, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

БІЛІМ

3 Жан басына қаржыландыру жаңа мүмкіндік пе?



ЖӘДІГЕР

3 Болат қылыштың баяны



АБАЙ – 175

4 Абайдың философиялық мұрасы



ҰЛЫҚ ҰЛЫС – 750

4 Сыр бойындағы Алтын Орда іздері



ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

ӘРБІР БАСТАМА ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

COVID-19 пандемиясы өңірдің қалыптасуына әсер етті? Әлемді әбгерге салған індеттің ықтимал екінші толқынына әзірлік қандай? Өңірді газдандыру, халықты үй-жаймен, жұмыспен қамту сынды мәселелер қалай шешіледі? Бұл сұрақтарға кеше Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жауап берді. Жалпы, мұнда Мемлекет басшысының халыққа Жолдауынан туындайтын міндеттердің орындалуы тұрғысында осы жылдың 9 айындағы облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері сөз болды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Коронавирускa байланысты карантиннің жариялануы әдеттегі өмір ырағына барынша өзгеріс енгізгені рас. Бірақ бұдан негізгі басымдыққа не салалардағы көрсеткіш кемігені жоқ. Биыл 9 айда өнім өндіру көлемі өңдеу өнеркәсібінде – 3,5%-ке, ауыл шаруашылығында 3,1%-ке артты. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5,4%-ке жоғарылады. Аумағы 485 мың шаршы метрден астам немесе былтырғыдан 0,4%-ке артық тұрғын үйлер қолданысқа берілді.

Алайда, аймаққа инвестиция тарту, мұнай өндіру көрсеткіштерінде төмендеу тенденциясы байқалады.

– Өткен жылы бірнеше ірі жобаны іске асырдық. Жылдық инвестицияның шамамен 30%-і осылардың үлесінде. Былғы шектеулерге байланысты жалпы экономикаға тартылған инвестиция көлемі қысқарды. Бұл құрылыс жұмысының көлеміне де әсер етті. Кен орындарының сарқылудына байланысты мұнай көлемі азайып, бұдан өнеркәсіптегі өнім өндірісі кемді, – деді облыс әкімі.

Үшінші тоқсан қорытындысы 750 мың тоннадан астам қара алтынның өндірілмегенін көрсетті. Жер қойнауын пайдаланушылар жыл соңында мұның 1 млн тоннаға баратынын болжап отыр. Геологтар енді "Шу-Сартысу" ойпатының ой-шұңқырын тереңрек зерттеуге кірісті. Еліміздің өңтүстігінен мұнай белгілерінің табылуы оны іздеудің өзектілігін айқындап берген еді.

Индустрияландыру бағдарламасы отандық экономиканың шикізат ресурсына тәуелділіктен арылуына, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Биыл біз оның үшінші бесжылдығына аяқ бастық. Соның аясында Сыр өңірінде құны 554 млрд теңге болатын 26 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл



– шамамен 7 мың жұмыс орны.

Арал ауданындағы балық өңдеу цехы – бағдарлама игіліктерінің бірі. Жыл соңында бұл тізімді осындай тағы бір зауыт пен қварц құмын байыту бағытындағы тау-кен комбинаты толықтырмақ. Келесі жылы 7 жоба, оның ішінде шыны зауытының құрылысы мәресіне жетеді. Сөйтіп, 670 жұмыс орны пайда болады.

– Ірі зауыттардың айналасына ілесіп өндіріс орындарын шоғырландыру мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз. Шыны зауыты бойынша 8 жобаның 3-не дайындықты бастап кеттік. Олар – ылды, айна және талшық өндірісі, – деді облыс әкімі.

Келесі жылы осындай ілесіп зауыттары бар қалыңдыларға сода өндірісі құрылады. Ол 669 адамның екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік бермек.

Жергілікті дикандар қырманға биыл 550 мың тонна Сыр салысын құйып, кезекті рет тәуір нәтиже көрсетті. Бірақ оның орнына суды аз керек ететін дақылдарды көбірек екпесе болмайды. Өйткені тіршілік нәрінің тапшылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Одан бөлек, 6 су қоймасы салынып, «Қызылорда», «Өйте» су тораптарын қайта жаңғырту, «Жиделі» су қоймасын жөндеу, Жалағаш ауданындағы ирригациялық дренаж жүйесін жетілдіру жұмысы атқарылады. Егін алқабын суарудың заман талабына сай жүйелеріне ерекше мән беріліп отыр. Жанакорғандық дикандар бастаған акагель қолдану әдісі тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Озық технологияның көмегімен бос жатқан аумақты игеріп, мол өнім алуға болады. Өңір басшысы сондай-ақ 7 млн гектар жайылымдық жерді кәдеге жарату үшін 452 су көзі жөндеуінің айтты.

Бұл күндері Қызылордадан брендміз саналатын күрші, балық пен тұз ғана емес, басқа өнім түрлері де сыртқа жөнелтілді. Есепті мерзімде ауыл шаруашылығындағы экспорт көрсеткіші 12%-ке жоғарылса, оның 98% – қайта өңделген өнім. Биыл бірінші рет Ресейге қызанақ пен мұздатылған көкөніс, Германияға 420 тонна қамыс жібердік. «Made in Kyzylorda» белгісінің тұтынушысы осылайша 20-ға жуықтады.

Шағын және орта бизнесті дамытудың маңызды үғынған мемлекет пандемия жағдайында да оны қолдаудан шет қалдырған жоқ. Карантиндік шектеу кезінде 54 мың кәсіпкер салық жеңілдігіне иіліне, 8,5 мыңнан көбі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасынан босатылды. 9 мың сауда алаңының иелері үшін 700 млн теңгеге жуық жайлау ақысын төлеуге жағдай жасалды. 194 субъект қожайындары жыл соңына дейін мемлекет меншігін тегін пайдалана алады.

ПІКІР-ПАЙЫМ

АГРАРЛЫҚ САЛАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Сыр өңірінде аграрлық саланың алатын орны ерекше. Оның ішінде күрші шаруашылығы аймақта негізгі кәсіп көзі саналады.

Биыл егіншілер алдында бірқатар келергі кездесті. Көктемде әлемді жайлаған пандемия елдегі еңбекші қауымға да елеулі кедергі келтірді. Сондай қиындыққа қарамастан, облыс басшылығының қолдауымен жоспарланған көлемде егін егілді. Ал жаз айларында дария арнасында су деңгейі төмендеп, дикандар тағы да әбгерге түсті. Сыр дикандары бұл сәтте де қиындықтан жол тауып, табанды тірілік жасады. Күршінің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім жиналды.

Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова баяндап берді.

Білуімізше, 6 су қоймасын салу жоспарланып отыр. Олардың жалпы көлемі 2,3 миллиард текше метрді құрайды. Шынын айту керек, бұл проблемалар ұзақ жылдан бері көтеріліп келетін. Сондай-ақ, "Қызылорда" және "Өйте" су тораптарын қайта жаңғырту, "Жиделі" су қоймасын жөндеу, Жалағаш ауданындағы ирригациялық дренаж жүйесін жетілдіру бойынша ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жұмыстарының да басталуы да елдегілердің көңілінен шығып отыр.

Жалпы, облыста ауыл шаруашылығынан өзге салаларда да дамытудың жоспары жасалған. Демек, ігерілеу ірікпейді деп білеміз.

Абзал ЕРАЛПИНЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЖАҢА ЖОБАЛАР КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ

Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аймақтың дамуына қатысты соны жаңалықтарды ұсынды. Біз елді аралау барысында да көріп жүрміз. Өңірдегі халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қолға алынған жұмыстарға оң баға беруге болады. Мәселен, жұмыссыздық деңгейінің сақталып, 19 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарының ашылуы, оның 14 мыңының тұрақты сақталуы – өте жақсы көрсеткіш. Сондай-ақ, құрылыс қаржысы төмендемей, тұрғындардың баспанамен қамтылуы, мұнай өндіру көлемінің азаюына орай жаңа жобалардың қолға алынуы да елдегі жағдайдың тұрақтылығын көрсетуде.

Өздеріңіз білетіндей, пандемияның ықтимал екінші толқынына дайындық жүзде. 200 төсектік модульді инфекциялық аурухананың, оттегі станцияларының салынуы бізді қуантады. Қандай жағдайда да қамсыз отыруға болмайды. Сақтық шараларын қатаң сақтауымыз керек. Елдегі ендігі көңіл қуантарлық жай – көпбалалы аналарға гранттардың бөлінуі. Олардың жұмыс жасауына мүмкіндіктің берілуі – жақсы бастама. Бұл көпбалалы аналардың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне өз септігін тигізбек. Алдағы уақытта да жалғасын тапса деген тілегіміз бар. Сондай-ақ, облыстағы өзекті мәселенің бірі – Қызылорда-Ақтөбе бағытындағы күре жолды II категориядан I категорияға көшіру, жол қауіпсіздігі шараларын күшейту. Мен мұны үнемі көтеріп келемін. Осы бағытта да нақты істер қолға алынып, шешімін табады деген сенімдемін.

Балайым КЕСЕБАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

ТУҒАН ЖЕР ЖЫЛ САЙЫН ТҮЛЕУДЕ

Елге барғанда өңірдің жаңа кейіпке енгенін көріп қуанып жатамыз. Жыл сайын жаңа бағытқа өзгеріп келеді. Ол – елдің жағдайының жақсарғандығын, алға жылжуын бар екендігін көрсетсе керек. Облыс әкімінің баспасөз конференциясындағы көптеген толымды істердің қолға алынып, жүзеге асқандығын білдік. Қай сала болмасын серпіп бар. Маған ерекше ұнағаны – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан дарынды ауыл балалары үшін жоғары оқу орнына түсуге берілетін грант санының көбеюі, еріктілер мен кәсіпкерлер тарапынан аз қамтылған, көмекке мұқтаж жандарға 11 баспананың салынуы. Бұл – үлкен жетістік.

Сондай-ақ, мәдени шаралар да аз деңгейінде жүзеге асуда. Мәселен, Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидың – 1150, «Ұлық ұлыс – Алтын орданың» – 750, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының – 175, Ұлы Отан соғысының 75 жылдық мерейтойлары өңірімізде жоғары деңгейде аталып өтті. Жыл басынан бері мерейтойлар аясында 2 мыңға жуық мәдени іс-шаралар ұйымдастырылған. Сыр еліне тұңғыш рет «Абай» операсы сахналанды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ежелгі Бәбіш-Мола, Жанкент, Сығанақ қалашықтарында тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізілді. Мұның барлығы мәдениет саласының өркендеуіне айрықша ден қойғандық білдірсе керек. Мәдениетін, әдебиетін, ұлттық салтын дәріптеген елдің келешегі кемел болатыны сөзсіз. Сондықтан туған жердің әлі талай белестерді бағындырып, өрелі істердің алдында жүретініне сенемін.

Ғани ҚҰЛЖАНОВ,
театр және кино актеры,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНА СҰХБАТ БЕРДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясынан кейін Қазақ радиосының «Арнайы шығарылым» бағдарламасына сұхбат берді. Аймақ басшысы журналист Дулат Абибуллаевтың сұрақтарына жауап беріп, Сыр елінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қабылданып жатқан дағдарысқа қарсы шаралар қиындықтарды еңсеруге ықпал етуде. Өңірде 9 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында оң динамика байқалады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны өсті. Дағдарысқа қарамастан, облыс экономикасына 181 млрд теңгеден астам инвестиция салынды. Жұмыссыздық деңгейі мен баға индексі бізде республикалық орташа көрсеткіштен төмен. Бұл ретте жалақының да, жалпы халық табысының да өсуі байқалады – деді облыс әкімі алғашқы сауал бойынша.

Мұнан соң облыс басшысы коронавирус індетінің ықтимал екінші толқынына дайындық барысын да сөз етті.

– Індетпен күресу үшін өкпені жасанды желдету (ИВЛ) аппаратын 244-ке жеткіздік. 9 ПТР, 60 рентген аппараты, 682 оттегі концентраторы



бар. Сонымен бірге дәрі-дәрмектің орташа көрсеткіштен төмен. Бұл ретте жалақының да, жалпы халық табысының да өсуі байқалады – деді облыс әкімі алғашқы сауал бойынша.

Аймақ басшысы Президент Қ.Тоқаевтың 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялауына байланысты республикада жыл басында алғашқылардың бірі болып 700-ге жуық еріктіні біріктіретін «Сыр еріктілері штабы» құрылғанын жеткізді.

Пандемия өршіген уақытта Сыр еріктілері 8,5 мың отбасына көмек көрсетті, 5 мыңға жуық мұқтаж отбасының оқушыларына мектеп керек-жарактары табыс етілді. Ме-

дицина қызметкерлерінің отбасыларына азық-түлік жеткізді, медицина қызметкерлерін толыққанды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді.

Волонтерлар мен кәсіпкерлердің күшімен тұрмысы төмен отбасылар мен жалғызбасты қарттарға арналған 11 тұрғын үй салынды.

Жалпы алғанда, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған 7 жалпыұлттық жоба

бойынша 1000-нан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Облыс әкімі пандемияға қарамастан, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы да жоғары дәрежеде аталып өткенін айтты. Ақынның мерейтойы Сыр өңірінде Нартай Бекжанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Ерсайын Төлеубайдың «Абай» спектаклінің қойылуымен аяқталды.

Республикалық «Абай жолымен» акындар айтысына атакты ақындармен қатар жергілікті жас өнер жүйріктері де қатысты.

Қызылорда қаласында Семей қаласының «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби музей-қорығының «Абай – дана, Абай – дара қазақ» көшпелі көрмесі ұйымдастырылды. Жалпы халықтық челлендж ауқымына ие болған Абай шығармаларын оқу эстафетасын өңір тұрғындары да жақсы қолдады.

Сырдың дәстүрлі өнерінің танымал өкілдерінің ізбасарлары – жергілікті жырыш-жыраулар ұлы ақынның поэзиясын сиқырлы мақамдар арқылы жеткізе білді.

Сыр жерінде алғаш рет «Абай» операсының тұсаукесері өткізілді.

Сондай-ақ, ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау мақсатында дәстүрлі өнердің жас орындаушыларының «Абай» жырылары Сыр маңында» атты онлайн концерт болды.

Гүлшара Әбдіқалықова Қазақ радиосын келесі жылғы 100 жылдық мерейтойымен құттықтап, радио ұжымына шығармашылық табыс тіледі.



ӘРБІР БАСТАМА ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

— Қызмет көрсету саласындағылар пандемия зардабын қатты тартты. 128 мейрамхананың басым бөлігі жұмысын тоқтатты. Оның 10-ы өндіріс бағытына бет бұрды. Біз шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму картасын әзірледік. Карта шеңберінде 4600 тұрақты жұмыс орнын қамтитын 265 жобаны жүзеге асыру ұсынылды. Бүгінде 110 жоба бойынша шаралар атқарылып жатыр, — деді Гүлшара Әбдіқалықова.

25 мыңнан астам көпбалалы ананың 600-дейі бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін «Еңбек» бағдарламасы бойынша грант иеленді. Ерлер жедел-сін шығарушы «DalaTex» серіктестігінде 123 әйел тігін ісінің қыр-сырын үйренуде. Құрал-жабдық алу үшін оларға 555 мың теңгеден грант беру көзделіп отыр. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, компаниямен келісім жасасу арқылы ісмер келіншектер

1-бет

үйді кәсібін дөңгелете алады.

Халықты жұмыспен қамтудың жол картасындағы 277 инфрақұрылымдық жоба 9,5 мың адамның еңбекпен қамтылуына сеп. Жалпы, жыл басынан бері 19 мыңға жуық жұмыс орны құрылса, оның 14 мыңы тұрақты. Жұмыссыздық деңгейі — 4,9%.

Облыс әкімі осы орайда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру қай кездегідей маңызды ролге ие екенін жеткізді. Биыл салынып жатқан 98 (1946 пәтер) үйдің 74-інде (969 пәтер) жыл соңына дейін қоныс тойы өтеді. Байқоңырдағы қазақстандықтарға арнап баспана тұрғызу жұмысы жалғасуда. Жұлдызды қалашықта 1300-ден астам отандасымыз тіршілік кешуде. Алдағы жылы олар үшін 50 пәтерлі 5 үй құрылысы жүргізіледі. Игі іс 30 жылдан бері бірінші рет былтыр басталған болатын.

Халқынның саны 50 мың шамалас 5 елді мекенге, оның ішінде 3 аудан орталығына көгілдір отын жеткізу — 2021 жылдың



СҰРАҚ-ЖАУАП

Ания Байораз, модератор: — Гүлшара Наушақызы, сіз тарихта қалатын тұңғыш әйел әкімсіз. Осы ретте қояр сұрағым әйел затты бола тұра бір облысты басқару қиын емес пе және аймақтағы қандай өзекті мәселелерді шешуді қолға алдыңыз?

— Біз — мемлекеттік қызметкерміз. Кез келген адам белгілі бір саланың қандай да бір мектебінен өтсе, оны басқара алады деп есептеймін. Мемлекет басшысы сенім білдіріп, өзіміздің туған жерім — Қызылорданың дамуына қызмет етуге жіберді. Егер өзімізге берілген жүкті ауырсынсақ, онда кез келген жұмысқа жауапсыздықпен қарауымыз анық. Мұның бәрі оның сенім деңгейіне байланысты.

Мен төтенше жағдай кезінде өңірді басқаруға келдім. Сондықтан, мұның қандай үлкен жауапкершілік екенін түсіндім. Бір жағынан, бұл — туған жерім. Сыр елінде ел басқарған азаматтардың көбісін білемін. 90-жылдары осы өңірде еңбек жолымды бастадым. Туған жерімнің топырағы да ыстық дейді ғой. Сондықтан, жерлеріміздің қолдау көрсетуі дем берді.

Аймақтағы маңызды мәселелерді шешуде ең алдымен, тұрғындардың денсаулығы, коронавирустың таралуына қол бермеу шараларының тиімділігі, пандемияға қарсы тұру үшін тұрғындарды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету сынды маңызды мәселелерді шешуге тырыстық.

Өрине, экономикалық ахуалды жақсартуды қолға алдық. Қазіргі кезде, әсіресе, бизнеске оңай болмай тұрғаны белгілі. Осы себепті біз 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспарын әзірледік, оның шеңберінде бизнеске 4600-ден астам тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін құны 271 млрд теңгеден 265 жобаны іске асыруды қолға қойдық. Жалпы сомасы 26 млрд теңгеге 2 мың жұмыс орнын ашуға ниеттіміз. Оның 110-ын іске асыру биыл басталды, оның ішінде 63-і нақты іске асырылды.

Өңірдің ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану, азық-түлікпен, бірінші қажеттіліктегі тауарлармен өзін-өзі қамтамасыз етуді басты жоспар ретінде алдық. Жаңа жұмыс орындарын құру арқылы азаматтарымызды жұмыспен қамту міндеті тұр.

Баяндамада айтып өткенімдей, мұнай өндірісінің төмендеуі және экономикадағы инвестициялар көлемінің азаюына қол бермес үшін инвестиция тарту жұмыстарына ерекше мән берудеміз. Келесі жылы экономикаға шамамен 600 млрд теңге тұрақты көзден отырмыз.

— **Қызылорданың аграрлық аймақ екенін білеміз. Өзіңдік брендтеріңіз бар. Дегенмен ел, күріш, балық және тұздан бөлек қандай жаңа өнім өндіре аласыздар?**

— Дүрыс айтасыз. Аграрлық сала — облыс экономикасының негізгі қатпары. Сондықтан біз брендтеріміздің дауырын көбейтуге жұмыс жасаймыз. Өзіміз айтқан күріш, балық, тұзбен қатар, бақша дақылдарына да сұраныс артты. Экономиканы әртарапандыру арқылы өңірде жаңа өнім өндіріліп, экспортқа шығатын тауарлар көбейді. Биыл алғаш рет Ресейге мұздатылған көкөніс пен жаңа піскен қызанақ жеткізуді бастадық. Ал, Германияға 420 тонна қамыс жібердік. Жалпы, әлемнің 17 еліне аймағымыздан ауыл шаруашылығы өнімдерінің 11 түрі экспортталып отыр.

Аймақта өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің санын арттыру мақсатында шағын өндіріс орындары ашылуда. Мәселен, биылдан бастап Сыр елінде 5 түрлі макарон өндіріліп, бұқтырылған қой, сиыр және жылқы етінен консерві дайындалатын жаңа цех іске қосылды.

Мұнан бөлек, өңірде қалыңылған сода өндіретін зауыт, жылына 1500 тонна кеш етін өндіретін фабрика, ет комбинаты, ас тұзын шығаратын испан цехы, түіс сүттен құрғақ ұнтақ өндіру зауыты, 1200 басқа арналған ірі қара малын өсіру және сүт өңдеу кешені салынды. Сондай-ақ, келер жылдан бастап жылына 10-15 мың тонна қызанақ пастасын өндіретін зауытты іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Одан бөлек, қоңышқаны қайта өсіріп шетелге экспорттайтын зауыт жобасы қолға алынбақ.

Дарын Сағитов, «Qazaqstan» Улттық телеарнасы: — Бұл сұрақ біраздан бері журналистер тарапынан қойылды ғар тұр. Шыны зауыты ашылады дегені біраз жыл өтті. Зауыт нақты қашан іске қосылды?

— Бүгінде шыны зауытының құрылысы 70 процентке аяқталды. Екі ғана мәселе қалып тұр. Балқыту ваннасы мен күйдіру пеші. Қазір шетелдік мамандармен

келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Біздің тарапымыздан зауыттың инфрақұрылым мәселелері реттелуде. Қалған 30 процент жұмысын мамандар кезең-кезеңімен аяқтайды. Пандемияға байланысты құрал-жабдықтар алуда бірқатар мәселелер болғандықтан кешігуде. Зауытты 2021 жылы іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Шыны зауытын іске қосу арқылы қосымша 8 ілеспе зауыт салынатын болады. Бүгінгі күні 3 зауыттың жобасы, яғни шыны пластикалық құбырлар, шыны талшығы, айна, шыны ыдыстары зауытының бизнес жоспарлары нақтыланды. Біз шыны өндірісіне экономикалық талдау жүргіздік. Елімізге жылына бағасы бір миллион доллар тұратын шыны сырттан келеді екен. Егер өз зауытымызды өндіріске енгізетін болсақ, сол қаражат өзімізде қалады, одан басқа, сыртқы экспорттан тағы да табыс түсіре аламыз.

Дулат Абибуллаев, «Қазақ радиосы»: — Әлеуметтік желіде «Жанақорған ауданындағы жаңа мектептің салу үшін 2,5 млрд теңге қаржы бөлінген» деген ақпарат бар. Бір мектепті салуға осыншама қаржы қол емес пе?

— Сұрағыңыз орынды. Қазір облыста апатты мектептер мәселесі толығымен дерлік шешілді. Сіз айттып отырған Жанақорған ауданындағы 600 орындық бұл білім ошағы апатты деп танылған ескі мектептің орнына салынып жатыр. Жаңа нысанның жобалық-сметалық құны 2,5 млрд теңгеге бекітілген. Әкім ретінде қызметіме кіркенген кейін бұл ретінде назарыма алып, мектеп құрылысын көріп, бюджетін қайта қарауға тасарыма бердім.

Өзбетте, құрылысты салу барысында бірқатар ерекшеліктерге мән беру қажет болған. Себебі алғашқы тандалған жер учаскесі темір жолдың арғы бетінде орналасқандықтан, балалардың мектепке қатынауына тиімсіз. Оның үстіне инфрақұрылым тартылмаған. Оқушылардың 90 процентке жуығы қоныстанған жаңа жер учаскесі тиімді деп есептеліп, мектеп құрылысына осы жер учаскесі таңдап алынған.

Біз жобаны оңтайландыру арқылы құрылыстың жалпы құнын төмендеттік, яғни, жаңа білім нысаны аймағында спорт алаңының болуына байланысты жобадан қарастырылған сыртқы спорт алаңдары қысқартылды. Нәтижесінде, 600 млн теңгеге дейін үнемделіп, құрылыстың жалпы құны 1,91 млрд теңгеге құралды. Бүгінгі күні мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде, келер жылы пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Енді бұл мектептің құрылысынан үнемделген қаржыға дәл осы Жанақорған ауданындағы 300 орындық жаңа мектептің құрылысына бағытталды. Бұл мәселе тікелей бақылауымда.

— **Бізге жеткен ақпараттан белгілі, Қызылорда облысына әлі 130 дөрігер маман қажет екен. Қалр тәпшылығын реттеуде қандай бастамаларыңыз бар?**

— Медицина саласындағы кадр жетіспеушілігі — расында үлкен мәселе. Оны өткен көктем-жаз мезгіліндегі коронавирустың індеті күшейген кезде анық байқалды. Өңірімізде халыққа 2423 дөрігер, 9528 орта буын маман медициналық көмек көрсетеді. Биыл медицина ұйымдарына 90 жас маман жұмысқа қабылданып, 43,3 проценті елді мекендерге жолданды. Дөрігерлердің пәтер мәселесін шешу мақсатында да жүзінші жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, бір ғана Байқоңыр қаласында 12 дөрігер баспанамен қамтамасыз етілді.

Мұнан бөлек, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде 100 жалпы тәжірибелік дөрігер арнайы грант арқылы даярлануда. Олар оқуын аяқтаған соң, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарын аймақтық дөрігерлермен толық қамтуға мүмкіндік беретін болады.

Медицина қызметкерлерін жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша әлеуметтік қорғау шараларымен қамту мақсатында өңірімізге аса қажетті мамандықтар бойынша 20 дөрігерге 500 АЕК мөлшерінде көтерме ақы тағайындауға 26,5 млн теңге қаржы қарастырылды.

Ғалымжан Өтемісов, «Астана» телеарнасы: — Жалқыла «Қайсар» футбол клубынан шу шықты. Бас бапкер ойыншыларға қазақ тілінде сөйлесуге тыйым салыпты. Осы мәселе командада легендлердің көптігін деп ойламайсыз ба?

— «Қайсар» футбол клубының бас бапкері Стойчо Милановтың тіл мәселесіне байланысты әрекеті қоғамда резонанс тудырғаны рас. Мәселе «Қайсар» мен «Каспий» кездесуінен кейін туындаған. Команда құрамында өзге ұлт өкілдері болғандықтан, бас

бапкер ойында ортақ тілде талқылауды сұраған. Қазіргі таңда командадағы ахуал тұрақты. Күні ертең «Дала қасқырлары» елордалық «Астана» командасымен кездеседі. Жаттығу жұмыстары бас бапкермен ынтымақтастықта жүреді. Сыр командасына жеңіс тілеймін.

Команданың қалыптасуына алғашқы кезеңінде легионерлер қажет, бірақ олардың қатарын көбейтпей, тек жас спортшыларды тәрбиелеуге және білікті спорт мамандарын даярлауға ғана тартуымыз керек.

Кирилл Денисов, «Қызылординские вести» газеті: — Өткен жылы 2020 жылдан бастап облыс тұрғындары үшін газ тарифі төмендейтінді айтылды. Алайда, бүгінгі таңда тариф өзгерісіз. Осы мәселеге қандай пікір білдіресіз?

— Орынды сұрақ. 2019 жылы Табиғи монополияларды реттеу комитеті тасымалдау тарифін 35 процентке төмендетті. Алайда, «ҚазТрансГаз Аймақ» комитет шешіміне келіспеуде байланысты сот органдарына бекітілген тарифтің күшін жою туралы талап арыз берді. Бүгінде бекітілген тарифті жою және қайта қарау мәселесі қаралуда. 2021 жылдың басына дейін төмендетілген тарифтің енгізілуін күтеміз. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда.

Диана Құлмағамбетова, «informburo.kz»: — Өз баяндамаңызда өкпені жасанды желдету аппараты туралы айтып өттіңіз. Түркиядан жеткізілген құрылғылар туралы білгім келеді. Сіздің өңірге қанша аппарат жеткізілді және қаншаға ауылдық жерлерге жіберілді?

— Пандемия басталғалы бері гуманитарлық көмек аясында облыстың медициналық ұйымдарына көрші елдерден 52 ОЖЖ аппараты келді. Ресейден — 21, Қытай Халық Республикасынан — 12, Германиядан — 10. Ал, Түркия Республикасынан 9 аппарат жетті. Қазір оның 4-еуі Жанақорған, Қармақыс елді мекендерінде қолданыста.

Азамат Тіленов, «Шалқар» радиосы: — Сіздің аймақта коронавирустың індетін жұқтырған азаматтарды емдеу мәселесі қалай жүргізіліп жатыр? Пандемияның болуы мүмкін екініші толқынына қаншалықты дайынсыздар, төсек-орын жеткілікті ме?

— Аймағымыздағы эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Дегенмен, екінші толқында дайындық күшейтілген. Бірінші кезекте дәрі-дәрмектің екі айлық қорын жасақтап қойдық. Мұнан бөлек, тұрқтандыру қоры арқылы берілетін дәрілік заттарды алуға 488 млн теңге қаржы бөлінді. Індетпен күресте ең көбігі өкпені жасанды желдету аппаратын 244-ке жеткіздік. Онан бөлек аймақта 9 ИПТР, 60 рентген аппараты, 682 оттегі концентраторы бар. Қажеттілігіне қарай 21 инфекциялық стационарда 3200 төсек-орын дайындауға мүмкіндігіміз бар.

Жақында 200 төсектік жаңа модульдік инфекциялық аурухананың құрылысы аяқталды. Сонымен бірге демеушілер есебінен облыстық көпбейінді ауруханасында оттегі станциясы іске қосылса, Қазалы ауданында жұрда қосылмақ.

Сақтық шараларын түсіндіру, талапқа бағынбағандарға шара көру үшін арнайы құрылған 24 мониторингтік топ жұмыс жасасуда. Жақында желел жәрдем көліктерін жанаратқы, 2017-2019 жылдары республикалық және жергілікті бюджет есебінен 37 автокөлікке ие болсақ, лизинг арқылы толығымен жабдықталған 40 дана желел жәрдем реанимобилі мен 2 жылжымалы медициналық кешен, қосымша демеушілер есебінен 2 Лартус көлігі жеткізіліп отыр.

Нұршапағат Несібаев, «Хабар 24» телеарнасы: — Өңірде пәтер кезегінде тұрған халыққа тұрғын үйлерді пәтерлер емес, тұтас ықпым аудан ретінде тарту ету бастамасы бар. Жеке тұрғын үй салушыларға жер телімін беру мәселесін қалай шешіледі?

— Жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін жер телімдері заңға сәйкес инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі тиіс. Бүгінде облыс көлемінде 99 мыңнан астам азамат кезекте тұр, оның 60 мыңнан астамы Қызылорда қаласының үлесінде. Бұл мәселені шешу үшін соңғы төрт жылда облыс аумағында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды тартуға бюджет есебінен 27,2 млрд теңге бөлініп, 16 мыңға жуық жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін инфрақұрылыммен қамтамасыз еттік. Бұл жер телімдері заңдылықтарға сәйкес кезекте тұрған адамдарға үлестірілуде. Биыл 1348 жер телімі табысталды.

Айта кету қажет, заңға сәйкес тұрғын үй салуға берілген жер учаскесі 3 жыл мерзімде игерілмеген жағдайда оны

мемлекетке қайтарып, кезекке сәйкес келесі адамға табыстау бағытында жұмыстар жүргізілген.

Юлия Волкова, «Евразия» арнасы: — Қызылорданың жаңа әуежайының құрылысы туралы қол жылдан бері айтылып келеді. Осы ретте қандай жұмыстар атқарылуда?

— «Қорқыт ата» әуежайы аптасына 31 рейске қызмет көрсетеді. Басында бұл жобаны инвесторлар қаржыландыратын болып жоспарланған. Кейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік желісі бойынша алға жылжытуға шешім қабылданған. Бірақ, мәселе сол күйі қалған. Сондықтан біз жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, қазіргі терминалды кеңейту, қайта жаңғырту арқылы бұл жобаны жүзеге асыруға шешім қабылдадық. Қазір жоба-сметалық құжаттар дайындалуда, 2021 жылы құрылыс басталды деп отырмыз.

Алина Параджан, «Хабар» агенттігі: — Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу, яғни САРАТС-2 жобасының барысы туралы айтып берсеңіз...

— Мемлекет басшысының тапсырмасына орай САРАТС жобасының 2-кезеңі Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру мен дамытудың жаңа өңірлік жобасы аясында жүзеге асырылады. Алдын ала есептеулер бойынша құны 190 млн АҚШ долларын құрайтын жобаны Дүниежүзілік банк қаржыландырады. Бүгінде банк техника-экономикалық негіздеме әзірлеуге 1,5 млн АҚШ доллары көлемінде грант бөлді.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі осындай жобаларға маманданған халықаралық компанияларды тандауда. Өз тарапымыздан жобаның тез жүзеге асуына атсалысымыз. Істің басы басталды деп айтуға болады.

— **Быыл «Қызылорда — Жезқазған» жолын жаңғырту жоспарланған еді. Жобаның орындалуы қазіргі уақытта қай сатысында? Аймақта ақылы автожолдар қанша пайдаланыр?**

— Бұл — бірнеше жылдан бері шешімі табылмай келе жатқан Қызылорда облысы үшін күрделі мәселелердің бірі. Оның шешімі «Нұрлы жол 2020-2025» бағдарламасында қарастырылған. Қазір Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жасаған жоба-сметалық құжаттың мемлекеттік сараптама қорытындысын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жолды жөндеу жұмыстары алдағы 2021 жылға жоспарланған. 427 шақырым жол 21 техникалық категориясымен қалпына келтіріледі. Бұл автомобиль жолы Нұр-Сұлтан қаласымен аралықты 1000 шақырымға қысқартып, Өзбекстанға, Ресейдің өндірістік аймақтарына жүк жеткізуді жеңілдетеді.

Ақылы жол жайлы айтсақ, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралі бойында ақы төлеу жүйесін орналастырудың жоба-сметалық құжаттары дайындалды. Қазір 13 станцияларлық бақылау пунктіннің 4-і (шағбаумсыз аркалар) орнатылды. Басқа да инфрақұрылымдарды жоспарлау жұмыстары аяқталды. Жыл соңына дейін барлық стационарлық пункттегі монтаж жұмыстарын бітіру жоспарланған.

Ержан Қожақ, облыстық «Сыр бойы» газеті: — Былытұр шет елге түіе экспорттауды қолға алдыңыздар. Бұл бастама тоқтап қалыпты. Не себепті? Жалпы, түіе шаруашылығындамтуға бағытталған қандай жобаларыңыз бар?

— Бүгінде облыста 53 мыңнан астам түіе малы бар, оның 32 мың басы — асыл тұқымды түіелер. Иә, соңғы үш жылда Біріккен Араб Әмірліктеріне, Өзбекстанға және Сауд Арабиясына 1,1 млн АҚШ долларға бағаланған, барлығы 578 бас түіе экспорттанған болатыныбыз. Алайда, карантиндік шектеулерге байланысты биыл шетелге малды экспорттау уақытша тоқтатылып тұр.

Сондай-ақ, алдағы уақытта өңделген түіе өнімдерін экспорттау үшін Арал ауданында жылына 130 тонна түіе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыт салу жобасы іске асырылуда. Ол жобаның құны 1,5 млрд теңге. Одан бөлек, Қызылорда қаласында жобалық құны 100 млн теңге болатын түіе жүнін өңдеу және тосеніш көрпе өндіру цехын ашу қолға алынуда.

Бек Тәлеуов, БАОҚК: — Келесі жылы «Қайсар» футбол клубының бюджеті қалай болады, қанша келтіріледі, алдағы жоспарлар қандай болмақ?

— Жыл басында «Қайсар» футбол клубының бюджеті 4 млрд теңгеге құралды. Алайда әлемдік ахуалға байланысты команданың қаржылық жағдайы оңайланп, 34 процентке, яғни 1 млрд 362 млн теңгеге қысқарып,

бүгінде ел біріншілігінде бақ сынауда. Пандемия кезінде өзінгізге де белгілі, спорт сайыстары уақытша тоқтатылды.

Тамыз айында футбол біріншілігі қайта жалғасты. Командадағы футболшылардың келісім-шарты 15 қарашада аяқталды. Дегенмен, команданың негізгі құрамдағы ойыншылары еліміздегі ең төмен жалақы мөлшерімен біріншілікті аяқтауға келісті.

Келер жылы «Қайсар» футбол клубының негізгі фронты отандық футболшылардан құралады. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, ксіпсіз спорт клубтарының бюджеті оңтайландырылады. Алдағы жылы клубтың бюджеті 1 млрд 600 млн теңгеге құрайды деп жоспарлануда.

Мәлір Құмпырзаева, «Qyzylorda» телеарнасы: — Теміржолды жағалап, білім алуға мәжбүр болған Арал ауданындағы мектеп оқушыларының мәселесіне Президенттің өзі тікелей араласып, тапсырма бергенін білеміз. Мәселе шешімін тапты ма?

— Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес бұл мәселенің уақытлы шешілуі үшін тиісті жұмыстар іске асуда. Арал ауданы, Кеңесуіл кентіндегі теміржол бойынан мектепке қатынап оқитын балаларға жаңа 300 орындық мектеп ғимаратын салудамыз.

Жоба «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» шеңберінде іске асырылуда. Бұл мақсатта 864 млн теңге қаржы бөлінді. Жаңа ғимаратты мердігер компания жыл соңына тапсыруға уәде беріп отыр.

Мектеп салу мәселесін біз кезең-кезеңімен шешіп келеміз. Өңірде соңғы жылдары демографиялық өсім жоғары болғандықтан, жаңа шағын аудандар бой көтеріп, оқушылардың саны да артуда. Аймақта биыл 2 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Оның біреуі — Қызылорда қаласындағы 600 орындық Жаппасбай батыр көшесіндегі жаңа мектеп. Жаңа мектептер салуда Сыр елінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы жеке мектептердің үлесі ерекше. Биыл Қызылорда қаласында 500 және 300 орындық 2 жеке мектептің құрылысы жүргізілуде.

Жанар Сердалина, «Bestnews.kz» ақпарат агенттігі: — Сіз елімізде облыс әкімі болған тұңғыш әйелсіз. Қарамағыңыздағы 5 орынбарсыңыз да ер кісілер екен...

— Өзіңіз айттып өткендей, орынбар-сарыармының бәрі ер кісілер. Меніңше, ер ер кісі не әйел болсын, ең алдымен қызметкерлердің еңбегін бағалау керек. Қорықарлардың барлығы — тәжірибелі кәсіби мамандар. Баршаға белгілі, мен бұған дейін Мемлекеттік хатшы қызметін атқардым. Ер азаматтармен әріптес болғаным, тәжірибем бар. Уақыттылы әрі сапалы атқарылған жұмыстың бәрі лайықты бағаланады. Сондықтан мен үшін алға қойған міндеттердің сапалы орындалуы маңызды.

— **Қызылорда қаласындағы «Бәйтерек» шағын ауданының тұрғындары жарықтаңдыру мәселесі мен қоғамдық көлікке қатысты арыз-шағымдарын айтуда. Сонымен бірге тұрғындар шағалдардың көптігін қорқаңшыларын айтуда. Шағын ауданның мәселелеріне қанықсыз ба, онда болдыныз ба? Тұрғындар арыз-шағымды бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?**

— Мен бұл мәселелерді жақсы білемін. Әкім болып тағайындалған сәттен бастап бірнеше рет бардым. Шағын ауданға жүргізілген инфрақұрылыммен таныстым. 20

● БІЛІМ

Оқу жылының басында облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова: «Жаңа оқу жылының ерекшелігі – қала мектептері жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшіріледі. Яғни, Арал ауданынан – 9 мектеп, Қазалы ауданынан – 3, Байқоңыр қаласынан – 5, Қызылорда қаласынан – 41 мектеп, барлығы 58 білім ошағын аталған механизмге көшіру үшін алдын ала жоспарлы дайындықтан өтті» деген болатын.

Сb Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»

Жан басына қаржыландыру жаңа мүмкіндік пе?

Жалпы «Жан басына шаққандағы қаржыландыру» дегеніміз не? Бұл – қаржыландырудың жана талабы. Білім беру саласының бүгінгі міндеттері бойынша орта білім беру ұйымдарының арасында өзара бәсекелестікті арттырып, материалдық базаны нығайтуға жұмсалатын қаржының бала санына сәйкес біркелкі бөлінуін қалыптастыру. Бала санына қарай қаржы бөліну тетігі директорлардың жұмысын жана деңгейге шығаруды деп күтілуде. Мәселен, бұл орайда мектеп басшысы білім беруді дамытудың жана талаптарын негізге ала отырып, оқушылардың жетістігі мен мұғалімдерді қолдау шараларына барынша басымдық беретін болады. Айта кетейік, осыған сәйкес жана оқу жылында балаларға патриотты тәрбие беруде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы енгізіледі. Сонымен бірге, 53 мектепте факультатив негізінде домбыра сағаттары бөлінеді.

Жуырда Халықаралық «Білім – инновация» қоры мен облыстық білім басқармасы арасындағы меморандумға сәйкес 10 мектеп директоры елордадағы «Білім – инновация» қорының мектеп-лицейіне барып, халықаралық талаптарға сай білім мен тәрбие беруге бағытталған мектептердің тәжірибесін көрді. Облыстық басқарма басшысы А.Қасымова құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі мен жан басына қаржыландыру тетігін енгізуге қажетті жана шыл идеяларды іске асыру мақсатында аталған білім беру ұйымдарымен екіжақты меморандумға отырды. Елордадағы № 54 мектеп-лицейінің тәжірибесімен танысқан мектеп басшылары жан басына қаржыландыру жобасы арқылы оқу орнының материалдық-техникалық базасын арттырумен қатар, оқушылардың халықаралық додаларға қатысуына мол мүмкіндік беріп, мұғалімдердің IT сауаттылығын арттыруға да тиімділігі мол екендігіне назар аударды. Сонымен қатар, саланы басқаруда менеджерлік қабілетті арттыруға арналған жобалармен танысуға мүмкіндік алды.

«Білім – инновация» қорының шақыртуы негізінде «Nur Orda», «Spectrum» халықаралық мектебі мен балабақшасының оң тәжірибесін көріп, өзара кері байланыс орнатты. Бұл орайда мектеп басшылары оқушылардың функционалдық са-

уатын көтеруге арналған бірқатар ерекшеліктерді байқады. – «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры ұйымдастыруымен өткен тәжірибе алмасу семинары өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Ең әуелі білім қорының жұмысымен танысып, инновациялық мектептердің басқару тәсілдері және ондағы ұйымдастырылатын әдістемелік жұмыстар, дарынды оқушылармен жұмыс, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыстардың ерекше әдістерін көрдік. Мектеп оқушыларын пәндік олимпиадаларға және әлемнің ең жақсы университеттеріне түсуге дайындайтын «Edlight» академиясының жұмысы, ұстаздарды қолдау орталығы, қоғаммен байланыс орталығының жетілдірілген жұмыстары – негізгі идеологиясы құндылықтарға негізделген білім беру ұйымдарының жұмысын жандандырып отыр. «Мың рет естігенше, бір рет көр» дегендей, әсіресе біз жақыннан танысқан «NurOrda» мектебі, «Spectrum» халықаралық мектеп пен балабақшасы, №54 мектеп-лицейі, №73 физика-техникалық мектеп-лицейінің тәжірибесі ерекше әсер қалдырды. Балаға тікелей білім беретін мұғалімді айтпағанда, мектеп ғимаратында орналасқан әрбір жан-шын дүниелердің өзінде оқушыларға ой саларлықтай мән-мағына бар. Тәжірибе алмасу семинарының негізгі ерекшелігі көріп-біліп қана қайту емес, озық тәжірибелерді өңірімізге енгізу бағытындағы жұмыстарымен жалғасатындығы – Сыр өңірінен барған біздер үшін жана міндеттерге жол ашты, – дейді Арал қаласындағы №220 орта мектеп директоры Әліби Әбілбас.

Дол кәзіргі жанғыру жағдайында жас ұрпақты жаһандық талаптармен қабыстайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден сақтай отырып, әртүрлі өмірлік жағдайларда заманауи құндылықтарды тиімді қолданатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу – білім саласының басты бағыты. Айталық, биылғы оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарына «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы енгізілді. Жобаның мақсаты сай оқушылардың көшбасшылық қабілеті артып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс нығая түседі.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Сыр бойы – сан азапты сыртқы жаулардан көрген ел. Тарихты ақтарсақ, XIX ғасырда Хиуа мен Қокан езгісі, орыс отаршылдарымен соғыста ата-бабалардың ашық шайқасы айтылады. Сол кезгі ел бостандығын аңсаған даланың теңдессіз батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлымен бірге әділдік пен халық азаттығы жолында ат үстінен түспеген жау-жүрек ұлдар ұрпақ санасында жаңғыруы тиіс.

Ғасырлар бойы ел бостандығын аңсаған қазақ елінің қаһарман ұлдары қаншама?! Қабырғалы да қайсар халықтың ел үшін тер төккен перзенттері арасында тарих қойнауында көмескіленгендері де жетерлік. Жанқожа бастаған азаттық күресінде қаруластары бола білген Дабыл Бекшеулы, Ақтан Ақайұлы, Беласар Рысбайұлы, Дәрменқұл ахун Қосымұлы, Бекарыстан би Амалдықұлы, Есет Көтібайұлы, Қызылбас палуан, Төремұрат жырау Еспембетұлы даңқын біздің буын естіп өссе де, кәзіргі жастардың бұл тарихтан алшақ жатқаны өтірік емес.

Рас, бүгінгідей жарқын заманда көптеген батыр бабамыз халықпен қауышуда. «Ештен көш жақсы» деген. Бабалар рухының қайта оралуы – ұрпақ үшін зор бақыт. Жоғарыда біз санамалап өткен туымды ерлердің қатарына Мыңбайдың ұлы Толыбай батырды да жатқызымаз. Ел аузында аңызға айналған батыр бабаның өмір жолы еш зерттелмеген. Осындай ерлердің өшпес ерлігі жайы етілсе, бұдан ұтарымыз көп болып, ұрпақ алдында да ұятқа қалмаймыз деген сенімдеміз.

Толыбай батырдың қаһармандық толы жорықтары жайлы ел ішінде аңыз әңгіме

Ту ұстаған Толыбай батыр

Сырдың төменгі сағасы. Теңізге құяр маң. Бұл – ақын-жыршылар, дүлдүл әншілер, көш бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендерді, ту ұстаған батырларды өмірге әкелген жер. Бабалар салған сара жолдан айнымай келе жатқан халық мекен етіп келеді әлі.

көп. Қазір батыр туралы тарихи дерек, құжаттар іздестірілуде. Бұл ретте Толыбайдың шыққан тегі, одан тараған ұрпақтың каліп-қасиеті хақында аз-кем сөз айтсақ. Солай еткенде батыр бейнесі айқындала түспек.

Жақайымның Бердіқұлы Игіліктің бес баласының бірі Құттыбайдан шапыраққа ие болып жалғыз Мыңбай қалған. Ұрпақ жайы ойландырған Мыңбай атамыз Сары, Алтынай атты екі әйел алады. Алғашқысынан 4, кейінгі әйелден 6 ер бала туады. Алтынай анадан туған сол алтаудың ең кеңжесі – Толыбай.

Толыбай батыр бес әйел алған. Барлығынан 11 ұл көреді. Батыр Ақшатау маңын жайлаған. Бейіті бір жорықтан жараланып келіп көз жұмған жері Қотанкөлдің маңында. Екі жер де Қазалы ауданы мен Арал арасындағы шекаралық жерде. Тұтан, өлген жылын анықтауда басына қойылған құлпытастағы жазуларға сүйенуге тура келеді. Көнекез қариялардың айтуынша, Толыбай Жанқожадан бес-алты жастай үлкен көрінеді. Солай шамаласақ, Толыбай 1771 жылы туып, 1869 жылы дүниеден қайтты деп болжауға болады.

Заманында Жақайым Жыл-каман баба екі батырға бата берген. Оның бірі – Жанқожа болса, екіншісі осы Толыбай батыр.

Жорықта Толыбай батырсыз ту көтерілмейді екен.

Батыр туралы ел аузында аңыз әңгімелер баршылық. Ол сол дәуірдегі барлық батырмен араласып, жорықта болған. Толыбай Хиуа ханның озбыр әскері мен түрікпен барымташыларынан елін, жерін қорғаған арауықты ер. Заманында бас қолбасшы болып танылған ол сарбаздарды әскери өнерге баулып, жауды жену жолында түрлі әдіс-тәсілді меңгергенін қариялар аузынан естуге болады.

Толыбайдың әкесі Мыңбай да батыр адам. Абылайдың хан көтеруде ақмiздiң бiр бұрышын көтерген бабаға осындай абырой бұйырған екен. Сол кезде сыйға берілген қылыш әлі де Орақ Пралиев деген азаматтың төрінде ішуді тұр. Ол кісі қылышты Ресейлік зерттеуші-ғалым А.Брызгаловқа көрсеткенде ол кісі танданысын жасыра алмай: «Бұл сіздің қолыңыздағы қылыш – Ақсақ Темір заманындағы мыңбайлар қылышы. Себебі, қылышта бейнеленген самұрық құстың әрқайсысының өз дәрежесі бар. Мысалы, бір самұрық құс бейнеленген қылыш онбасыға тән. Екеу болса жүзбасы ұстайды мұндай қылышты. Мына қылышта үлкен самұрық пен екі жағында екі кіші самұрықтың суреті бар.



Бұл әскери лауазымы мықты адам, яғни мыңбасы ұстаған қылыш! Сіздің қолыңызға қайдан түскенін білмеймін, бірақ бұл мыңжылдық тарихы бар дүние», – депті. Ғалым осылай тұжырым жасаған. Осыдан-ақ Толыбай батырдың әкесі Мыңбайдың халық алдында қандай беделді болғанын аңғару қиын емес. Бұдан өзге Орақ ағамыз Толыбайдың Орынбор архивінен табылған суретін ең шебер деген кәсіби суретшіге үлкейіп салдырыпты.

Тәуелсіздік өз тұғырына берік орнағалы бері көз тойымды тарихқа бет бұрдық. Берекелі іске бекем қадам бастық. Осы уақыттарда қазақ халқының қанша заманғы өшкені қайта оралып, сөнгені жанды. Соның айшықты айғағы іспетті Шектінің (Жаманак-Жақайым) сарыалатуын көкке көтерген Толыбай батыр Мыңбайұлын тілге тиек еттік. Бұл күнгі керекесі кең қазақ елінің бақ-берекесі, кешегі батыр бабалармен қатар ақын-жырауларын оралту арқылы көркеюде. Осындай шырақты да шуақты күндеріміз көп болсын, қара ормандай қазақ елі! Егемендік еңселі, Тәуелсіздік тұғырлы болғай! Ұр-

пақтың ұлағатты міндеті – бабалар рухын жаңғырту болса, біз бұл межеден шығарымыз хақ. Жаңғырған қазақ елінің саналы ұрпақтарына даңғыл жол, дарынды рух тілейміз.

Биыл Қотанкөл төскейіне Толыбай батырға, әкесі Мыңбай биге еңселі ескерткіш-кесене орнатылды. Шараға әрісі Шекті (Жаманак), бергісі қалын Жақайым жұрты атсалысты. Сонымен қатар Толыбай батырдың қылышы (Алматы), қанжары (Ақтөбе), күміс құрсаулы денмент белбеуі (Қазалы) бүгінгі ұрпақтың көзайымына айналды. 2012 жылы «Толыбай батыр» атты зерттеу кітабы жарық көрді. (авторы – О.Базаралиев). Алдағы үлкен міндет – батыр жайлаған өңірлерден тұлға есіміне көше берілсе, еңселі ескерткіш орнатылса екен. Қазіргі кесене орнатылған аймақ Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылына қарасты. Жоғарыда айтқанымыздай, Арал-Қазалы шекарасы. Батырдың негізгі қонысы – Арал ауданы аймағына. Ел қорғаған батырды ұрпақ жадында жаңғыру, ерлік істерін ұлықтау Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғайды. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекенінің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» деген болатын. Ел қорғаған батырларымызды ұлықтай алсақ, бұдан ұрпақтың ұтары көп болмақ. Осы орайда алдағы 2021 жылы батыр бабамыз Толыбай Мыңбайұлының туғанына 250 жыл толатынын ескеруіміз қажет.

Оңталап БАЗАРӘЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Берік ЖАНДӘУЛЕТОВ,
Толыбай батырдың ұрпағы

● МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Болат қылыштың баяны

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспозициялық залында орналасқан орыс қылышы – келушілердің ерекше назарын аудартатын бірден-бір экспонат. Өткен ғасырдың басында Ресей империясында жасалған қарудың өзіндік қызықты тарихы бар.

XIX ғасырдың басында бүкіл Еуропаны бағындырып, «Қасиетті Римнің» императоры титулын алған Франция билеушісі Наполеон Бонапарттың жеңімпаз армиясын күйреткен Ресей империясы соғыстан титықтап шыққаны тарихтан белгілі. Қарулы күштердің әлеуетін жетілдіру мақсатында арнайы реформалар жүзеге асырыла бастайды. 1815 жылы император І Александрдың жарлығымен Орынбор губерниясы, Златоуст қаласында қару-жарақ фабрикасының іргесі қаланады. Фабрика белгілі неміс металлургия Эверсман фон Август Фридрихтың жетекшілігімен салынып, Еуропаның орталық

қалалары, сондай-ақ Тула, Олопец қалаларынан 100-ден астам арнайы мамандар шақырылады. Алғашқы 3 жыл бойы дайындық жұмыстары жүргізіліп, 1821 жылы қару-жарақ шығарыла бастайды.

1829 жылдан бастап Златоуст гравюралары бірнеше халықаралық көрмелерден жүлделі орындарға ие болады. 1851 жылы Лондонда қола медаль, 1867 жылы Париж қаласында, екі күміс медаль, 1897 жылы Брюссельде алтын медальмен марапатталады. 1835 жылы Златоуст қару-жарақ фабрикасы Ресей империясында суық қару шығаратын бірден-бір кәсіпорын саналды. І Жаһандық соғыста орыс армиясын 600



мың қылыш, қанжар және атты әскерге арналған сүңгілермен, ІІ Жаһандық соғыста Кеңес Одағы қарулы күштерін 583 мың қылыш, немістер «Шварц-мессер» атаған 1 миллионға жуық қанжармен қамтамасыз етті. Одан кейін 1945 жылы 25 маусымда Қызыл алаңда өткен Жеңіс парадында шеруге



шыққан әскерилер Златоусттың суық қаруларын сән үшін пайдаланды.

Аталған фабрикадан шыққан орыс қылышы – қазір музей қорындағы өте құнды экспонаттардың бірі. Себебі, мұндай гравюраланған қылыш өте сирек кездеседі. Қылыш музей қорына 1968 жылы өткізілген. Жүзі болат темірден, сәл иіліңкі жасалып, сабына дейін дола салынған. Қылыш бір жүзді, ұзындығы – 890 мм, жүзінің ұзындығы – 745 мм, ені – 30 мм, салмағы – 750-800 г. Қылыштың жүзі мен сабының түіскен жеріне Ресей императоры ІІ Николайдың монограммасы, екінші жағына

империяның екібасты самұрық бейнелі гербі оймаланып, сабы арнайы гравюраланған металл бастың мүсіні орнатылған. Тарихи деректерге сүйенсек, орыс императоры ІІ Николайдың арнайы жарлығымен Златоуст фабрикасынан 1909 жылы шығарылған қылыш, қасат атты әскер офицерлеріне арнайы сый ретінде берілген.

Қазіргі уақытта Златоуст фабрикасы қару-жарақтарды қадесі ретінде шығаратын кәсіпорынға айналған.

Г.ӘУБӘКІР,
«Ақмешіт» филиалының экскурсоводы

Өтініштер қараусыз қалмайды

«Облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ арқылы төмендегі мемлекеттік қызмет көрсетілетіндігін хабарлаймыз.

1. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу;

2. Діни е-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды гибадат үйлерінен тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру;

3. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру.

Сондай-ақ, облыстық ішкі саясат басқармасының облыстық мемлекеттік құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы көрсетілетін қызмет түрлері:

1. Гибадат үйлерін салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім

беру;

2. Үйлерді (ғимараттарды) гибадат үйлері етіп қайта бейімдеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру.

Биыл «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша «е-лицензия» электронды порталы арқылы 2 өтініш түскен болатын. Аталған қызметтің қағидасына сәйкес құжаттар қаралып, қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына сәйкес толық ұсынылмауына байланысты өтініш қанағаттандырылмады.

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» қызметі бойынша үш өтініш тіркеліп екі қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету куәлігі табысталды, ал

үшінші қызмет алушының сенімхатының болмауына, құжаттар топтамасының жеткіліксіздігіне байланысты өтініші орындалмады.

Биылдан бастап Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті бекіткен қағидаларға сәйкес «е-лицензия» электронды порталы арқылы қызмет көрсетіледі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтерді портал арқылы көрсету үлесін арттыру бағытында он айда 9 түсіндірме жұмысы ұйымдастырылды. Ақпараттандыру мақсатында арнайы әзірленген материалдар таратылды. Алдағы уақытта тиісті жұмыстар жалғасын табады. Осы мерзімде қызмет алушылардан басқарма атына арыз-шағым түскен жоқ. Сонымен қатар, дін саласындағы мемлекеттік қызметтер туралы толық ақпаратты облыстық ішкі саясат басқармасының ресми веб-порталынан немесе 605326 телефонна хабарласып алатыныңызды назарыңызға саламыз.

Көлік саласында мемлекеттік қызмет алушылардың назарына

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясымен ұсынылатын мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін реттейтін ҚР ІшкіДМ 30.04.2015 жылғы №555, 556, 557 бұйрықтарымен бекітілген стандарттардың күші жойылғанын хабарлайды. 2020 жылдың мамыр айынан бастап автомобиль, су және теміржол көлігі салаларын реттейтін заңнамаларда өзгерістер енгізіліп, қолданыстағы НҚА-де мемлекеттік қызмет алу тәртіптері белгіленді. Мемлекеттік қызметтер www.egov.kz, www.elicense.kz жүйелері арқылы электронды көрсетіледі және қызмет көрсету мерзімдері 1 және 2 жұмыс күндеріне қысқартылған.

Сонымен бірге, қызмет алушылар Инспекция ғимаратында www.egov.kz бұрышы арқылы өтінімдерін жолдай алады және туындаған сұрақтар бойынша Инспекцияның 8(7242) 290015 сөнім телефонна хабарласа алады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Бақұл бол, аяулы әріптес

Мәдениет саласының ардагері Қойшығұлова Алмағұл Қалданқызы осы жылдың 22 қарашасында өмірден озды.

Алмағұл Қалданқызы 1956 жылдың 10 қаңтарында Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1976-1983 жылдары Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика, мәдениет институтында, 1985-1987 жылдары Жетісай мәдени-ағарту училищесінде білім алған. Еңбек жолын 1978 жылы Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде библиограф-редактор, бөлім меңгерушісі, 1987-1999 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің бас инспекторы, меңгерушісі, 1999-2001 жылдары аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, 2001-2015 жылдары Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тарихи мәдени мұра, музей және кітапхана бөлімінің бастығы қызметін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Алмағұл Қалданқызы облыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, оның ішінде кітапхана саласының дамуына, кітапханалар желісін құру және дамыту, олардың қорларын қалыптастыру, ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызметін жетілдіруге өзіндік үлесін қосты. Мәдениет саласында атқарған ерен еңбегі еленіп, ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ардагері», «Қызылорда облысына – 70 жыл» медалімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және алғыс хаттарымен марапатталған.

Сыр мәдениетінің дамуына өлшеусіз қолтаңбасын қалдырған мәдениет саласының ардагері, ғибаратты ғұмыр иесі Алмағұл Қалданқызының жарқын бейнесі мәңгі жадымызда сақталатын болады.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мекеметтік мекемесі





күқық» институтының «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы да жыл сайын шара өткізіп келеді.

Абайдың философиялық мұрасы

Дүниежүзілік философия күніне және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абайдың философиялық мұрасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция онлайн форматта өтті. Конференцияға оқу орнының профессор-оқытушылары, студенттері қатысты.

Модераторы университеттің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Жаркынбек Әбікенов басқосудың маңызы туралы айтты.

Оқу орнының ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі ректоры физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Бекзат Прмнтаев конференция жас ғалымдар мен оқытушыларды, докторанттар мен магистранттарды Ұлы Абайдың философиялық мұрасын зерттеуге ынталандыратынына сенім білдірді.

Рухани-тағылымдық іс-шарада абайтануды жаңа белеске көтерген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абай дүниетанымының рухани нәр алған

ЮНЕСКО жыл сайын қараша айының үшінші бейсенбісін Философия күні деп белгілеген. Бұл күн әлемнің осы ұйымға мүше 80-нен астам елінде атап өтіледі. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Экономика және

бұлақ көздері» тақырыбында баяндама жасады.

Ғалым Тұрсын Ғабитов «Абайдың мәдениеттанулық мұрасы» тақырыбында баяндама жасап, зерттеушілерге ғылыми бағыт-бағдар берді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында әлемдік классикалық философияның көрнекті өкілдерінің шығармаларын қазақшаға аударған ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бөлім меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор. Бақытжан Сатершинов «Абай шығармаларындағы діни бірегейлік мәселесі» баяндамасында ойшыл шығармаларының қырларына ерекше тоқталды.

Конференцияға Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен, «Жидбай-Бөріл» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінен ғалымдар қатысты.


Абай мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған мазмұнды, ауқымды шаралар алдағы уақытта жалғасын таба беруі керек.

● ҰЛЫҚ ҰЛЫС – 750

Сыр бойындағы Алтын Орда іздері



Жошының екінші ұлы Орда Ежен ұлысының билеушісі Баян ханның баласы Сасы Бұқаның тұсында Жошы ұлысының орталығы Ертістен Сығанаққа аударылды. Осы кезден бастап Сығанақтың қайта өрлеу дәуірі басталды. Ерзен ханның тұсында Сығанақта Ақ Орда хандарының атында күмістен ақша құю жолға қойылды. Ерзен ханның ұлы Мүбарек Қожаның есімі көрсетілген, хиджра бойынша 768 жылы Сығанақта соғылған 5 тыын Петербурттағы Эрмитажда сақтаулы. Ол кезде хандарының атында ақша соғу деген биліктің дербестігін көрсетеді.



Ерзен хан 25 жыл билік құрып дүние салған соң, Сығанақта жерленді. Осыдан бастап Сығанақ Жошы хан – Орда Ежен әулетінен тараған ақ ордалық ақсүйектерін жерлейтін ата қорыққа айналды. Ақ Орданың билеушілері көшпелілер мен отырықшы халықтың экономикалық байланыстарын қалпына келтіруге ұмтылып, Сығанақ қаласын өзінің астанасы етті. Сол кезде, әсіресе Ерзен хан тұсында Сығанақта құрылыс жеделдете жүргізілді.

Осы жылдары Сыр өңірінде мал шаруашылығы мен егіншілік жақсы дамыды. Сырдария мен оның Қаратаудың күнгей беткейінен ағып келіп құятын көптеген салаларының алқаптарында отырықшы немесе бағымдағы тебіндеп жайылатын мал шаруашылығы дамыды. Қыстақтар мен қалалардың тұрғындары бұл жерде мал шаруашылығын суармалы және телімді егінділікпен, ішінара балық аулаумен де ұштастырды. Мал өсірушілер жыл бойына жайылымнан жайылымға үздіксіз көшіп жүретін. Мұнда отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы ұштастыра жүргізілді.

Ақ Орда билеушілері Ерзен хан, Мүбарек хан, Ақиян ұрыс хан, Тоқтақия хан, Темір Мелік хан, Құйыршақ хан, Барақ хан мемлекеттің оңтүстігінде егін шаруашылығының ошақтары мен қалаларды қалпына келтіруге тырысты. Сауда керуендерін ұйымдастырып қалаларды Темір ұрпақтары мен шағатайлықтардан тәуелсіз етуге күш салды. Сыр бойынан шыққан Ұрыс хан Алтын Орданың ханы болса,

оның баласы Құйыршақ хан Алтын Орданың 32-ханы болады.

Орыс хан Сығанақта хан сарайын салдырды, ханның атында ақша соғылды. Қазақтың алғашқы қарулы қолы «Алаш мыңдығын» жасақтап, ақ кара ала ту алып жауға шапты. Сығанақ жайлы аса құнды дерек қалдырған авторларының бірі – Мұхаммед Шайбани ханның жылнамашысы Фазлалах ибн Рузбихан Исфахани. Ол өзінің «Михман-наме Бұқар» («Бұқара қонағының жазбалары») атты еңбегінде «Дешті қыпшақты жер жұмағы» деп атап, Сығанақтың орналасу жайы аса қолайлы, ол Дешті Қыпшақтың шекарасы, Түркістанның орталық шебі, онда «күн сайын бес жүз түйеннің еті қуырылып, кешке қарай одан түйір де қалмайтын» деп жазған еді. Дештінің атакты хандарының мәйіті міндетті түрде Сығанаққа жерленіп, қабірінің үстіне кесене тұрғызылатыны туралы деректі жазып қалдырған Рузбихан.

Сығанақты иеленген Ақ Орда билеушілері XIV ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасына қарай Әмір Темірдің қолдауымен Токтамыс Орыс ханның ұлы Темір Мәлікті жеңіп, Ақ Орданың билеушісі атанады. Ол өзінің атынан Сығанақтың тегханасында теңге шығарған. Алайда Әмір-Темір Токтамысты талқандап, Сығанақты қиратады. Осы кезден бастап Сыр бойы қалалары Темір әулетінің қолына көшеді. Сығанақ XV ғасырда Ұрыс ханның ұрпағы Барақ хан мен Әмір-Темірдің ұрпағы Ұлықбек арасындағы талас-тартыстың көзі болған. Барақ хан өзінің Ұлықбекке

жолдаған хатында «Менің атам Ұрыс хан Сығанақта тұрып, онда құрылыс орындарын салғандықтан, Сығанақ жайылымдықтары заң бойынша да, әдеттік құқық бойынша да маған тиісті» деп оны қайтаруға барынша тырысты.

1428 жыл Орда Ежен әулетінен шыққан Барақ қайтыс болғаннан кейін, осыған дейін Қазақстанның оңтүстік-батыс территориясын иемденген Ақ Орда, Темір әулетінің толасыз шабуылдарынан мейлінше әлсіреп, ондағы билік Жошы ханның Шибаң ұрпағынан шыққан Әбілхайыр ханның қолына өтеді. Іс жүзінде Ақ Орда өмір сүруін тоқтатып, оның орнына Әбілхайыр хандығы немесе көшпелі өзбектер мемлекеті пайда болады. «Көшпелі өзбектер» терминін 1958 жылы ойлап тапқан өзбек ғалымы Бөрібай Ахметов. Қазір академик Бүркітбай Аяған Әбілхайыр хан Дәулетұлын қазаққа қатысы барын, Атырау өңірінде дүниеге келгенін, өмірінің соңғы жылдарында Сыр бойындағы Сығанақта өмір сүрген Дешті Қыпшақтың соңғы ханы деп келеді.

XV ғасырдың басына дейін Ұлықбек Сығанақты уақытша иеленеді, ал Сығанақ Әбілхайыр ханның иелігіне көшіп, оны ол өз билігінде өмірінің соңына дейін ұстады және XVI ғасырдың басына дейін Сыр бойы аумада орталықтары Шибаң әулетінің еншілігінде болды.

XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы құрылады. Әбілхайыр ханның озбыр саясатына налыған Ақ Орда билеушісі болған Барақ ханның ұрпақтары, ағайынды Керей мен Жәнібек Көшпелі өзбек мемлекетінен бөлініп шығып, Моғолстан ханы Есен Бұға мемлекетінің батыс шекараларындағы Шу мен Талас өзендерінің арасындағы Қозыбасы жерінде Қазақ хандығының негізін салады.

Сыр өңірінің бұл кезеңдегі этникалық тарихы туралы мәліметтер тарихи деректерде көп емес. Сығанақ және оның маңайындағы қалаларда қыпшақтар басым болған деген ақпаратты Рузбиханнан кездестіреміз.

Сыр бойындағы Алтын Орданың іздері сайрап жатыр. Алтын Орда мен Ақ Орда хандарының пантеоны осында орналасқан. Әйгілі Сасы Бұқа хан Сауранда жерленеді, ал ұрпақтары Ерзен хан, Тыныбек хан, Шымтай хан (1344-1361 жылдары билеген), Ұрыс хан, Тоқтақия хан, Темір-Мелік хан, Құйыршақ хан, Болат хан Сығанақтағы қорымға жерленген. Барақ хан Сарайшықта қаза болады. Менің ойымша, Ұрыс ханның ұрпақтары Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандар да Сығанақ қаласында жерленуі мүмкін.

Бақытжан АХМЕТБЕК, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен «Ұлттық ономастика – ел айнасы» тақырыбымен республикалық онлайн конкурс өтті.

Бас жүлде – жерлестерімізде!



Жергілікті атқарушы органдарда жұмыс істейтін мамандар арасында онлайн форматта өткен конкурста еліміздің 10 өңірінен – Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының мамандары қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, шара мақсаты – ұлттық ономастиканың рөлін арттыру, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, сондай-ақ ономастика саласының мамандарын моральдық және материалдық тұрғыдан көтермелеу.

Біліктілер бақ сынасқан сайысқа Сыр өңірі атынан облыстық ішкі саясат басқармасы, Жалағаш, Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің тіл саясаты мамандарынан құралған

«Якскарт» командасы қатысып, қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған өлке жұртының сенімін ақтауға тырысты.

Конкурсқа қатысушылар «Таныстыру», «Атаулар сыр шертеді», «Жер-судың аты – тарихтың хаты» және «Ономастика» кезеңдері бойынша сынға түсті. Жергілікті жерлерде тіл саясаты саласында жұмыс істер жүрген мамандардың сайысы қызықты өтті. Нәтижесінде сырбойлық «Якскарт» командасы тарихи жер-су атауларының сырын терең білетіндіктерін дәлелдеп, еліміз бойынша үздік деп танылды. Бойгенің бас жүлдесін иеленген жерлестеріміз қаржылай сыйлыққа ие болды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, Алғыс хаттармен марапатталды.

«СБ» ақпарат



SERGEK

Ел біріншілігі басталды

Кеше Шымкент қаласында бокстан Қазақстан біріншілігі жалауын көтерді. Шаршы алаңдағы бәсеке жігіттер мен қыздар арасында өткізіледі.

Аталған сайыста қызылордалықтар арасында ұлттық құрама капитаны Қамшыбек Қоңқабаев та бар.

Жарыс 23-29 қараша күндері аралығына белгіленген. Алғашқы төрт күнде бағылары қолғап шеберлері іріктеу айналымында жекпе-жекке шығады.

Ал 27 қарашада 1/4 финал ойындары болса, боксшылар 28 қарашада жартылай финалда кездеседі. Жеңімпаздар 29 қараша күні анықталады. Айта кетерлігі, жігіттер арасында 10 салмақта жүлделер сарапқа салынады. Мұнда Олимпиада бағдарламасына енгізілмеген 49 және 60 келдегі салмақ дәрежелері бар. Жігіттер арасында Олимпиада жолдамасына ие болған 8 боксшы сынға түседі. Ал қыздар бәсекесінде еліміздің әр өңірінен келген 115 спортшы бәк сынады. Қыздар арасында да Олимпиадаға баратын үздіктер бар.

Еркін күрестен ерлеп тұр

Алматы қаласында күрес түрлерінен Қазақстан біріншілігі өтуде. Боз кілемдегі белдесулер 21-26 қараша аралығында өткізіледі.

Жарыстың алғашқы үш күнінде еркін күрес шеберлері сынға түсті. Жарыс жеңімпаздары қатарында қызылордалық балуандар да бар. Жерлесіміз Дәулет Ниязбеков 65 келіде қарсылас шақ келтірген жоқ. Ол финалда қарағандылық Әділ Оспановты жеңді. Осылайша Дәулет еліміздің 8 дүркін чемпионы атанды. Естеріңізге сала кетелік, Дәулет 2013 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, үш рет Азия чемпионы атанған. Былтыр Токио Олимпиадасына жолдама жеңіп алды.

Ел біріншілігінде 79 келі салмақта ұлттық құрама мүшесі, қызылордалық Ғалымжан Әсербаев ақтық сында Алматы облысының өкілі Рустам Мырзағалиевті 11:0 есебімен ұтты. Осылайша Ғалымжан ел біріншілігінде бесінші мәрте чемпион атанып отыр.

Сондай-ақ, ел біріншілігінде 74 келіде Канат Мұсабеков күміс, 97 келіде Бекзат Тәжі қола жүлде алды.

Еркін күрестен 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль алған қызылордалық балуандар жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленді.

«Қайсар» «Ордабасыны» ойсырата жеңді

Өткен сенбіде футболдан Премьер-лига командалары арасында Қазақстан чемпионатының 19-туры өткізілді. Бұл турда Қызылорданың «Қайсары» Шымкенттің «Ордабасы» клубынан 3:0 есебімен басым түсті.

Ойында біздің команда сапынан Иван Граф 51, Асхат Тағыбергел 70, 75 минуттарда гол соқты. Аталған жеңістен кейін 24 ұпаймен алтыншы орынға көтерілді. Енді жерлестеріміз 24 қараша елордалық «Астана» командасымен кездеседі.

Осы турда «Қайрат» «Қызылжардан» 2:3, «Астана» «Шахтерден» 1:3 есебімен жеңіліп қалды. Ал «Тараз» «Жетісудан» 1:0, «Каспий» «Окжетпестен» 2:1 есебімен ұтылды.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyikz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Нәзерке САНИЯЗОВА**

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26524

Тапсырыс №587